

**ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ**

БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ КАФЕДРАСЫ

БАСҚАРУ ЕСЕБІ
пәнінен курстық жұмыс жазу жөнінде
күндізгі және ҚОТ қолданумен күндізгі
студенттерге арналған
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

ҚАРАҒАНДЫ 2024

Құрастырушы: э.ғ.к., ҚҚарУ профессоры Мадиева К.С.

Бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасының отырысында талқыланып,
бекітілген.

Мәжіліс хат № 10 “ 29 “ желтоқсан 2023 ж

КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Курстық жұмыс «Басқару есебі» пәнін оқып-үйренудің қорытынды кезеңі болып табылады. Ол териялық материалды студенттің қаншалықты меңгергенін және алған білімін творчестволық зерттеу үшін пайдалану қабілетінің қаншалықты екендігін, нарықтық қатынаста кәсіпорындардың бухгалтерлік есепті жетілдіру жөніндегі нақты міндеттерді шеше білу қабілетінің қаншалықты екендігін тексеруге мүмкіндік береді.

Курстық жұмыстың мәні маңызы орындау негізінде студенттің алған териялық білімін бекітіп қана қоймай, сонымен бірге тереңдете түсетіндігінде. Курстық жұмыс студенттердің өз бетімен жұмысының маңызды бөлігі болып табылады. Оны орындау студентті өз бетімен жұмыс істеуге дайындығын тексеру ғана емес, сонымен бірге өз бетімен ғылыми жұмыс жүргізу дағдысын дамытудың маңызды формасы. Оқудың осы кезеңіндегі студенттің алған тәжірибесі мен білімі дипломдық жұмысқа дайындық кезінде көп көмегін тигізеді.

Курстық жұмыс өз бетінше зерттеу болғандықтан оған мынадай талаптар қойылады:

- курстық жұмыс өз бетімен жазылуы керек және кәсіпорындардағы жүргізілетін есеп тәжірибесіне сыни көз қараспен ерекшеленуі тиіс;
- тақырыпты баяндау нақты, дәл деректермен толы болуы қажет, жұмыстың есеп жұмысының нақты бір учаскесіндегі есептің ұйымдастырылуы мен әдістемесін жақсартуға бағытталған тұжырымдармен және ұсыныстармен аяқталады;
- жұмыс анық және сауатты тілмен жазылып дұрыс дайындалуы қажет, оның сыртқы беті (1 қосымша), мазмұны болуы, беттері нөмірленіп, рецензенттік ескертпелері үшін шетінде жолақ қалдырылуы қажет;
- жұмыстың соңында пайдаланылған әдебиеттер көрсетіледі.

Курстық жұмысты дайындау мынадай кезеңдерді қамтиды:

1. тақырып таңдап алу;
2. таңдалған тақырып бойынша әдебиеттер жинақтау және олармен алғаш танысу;
3. жоспардың алғашқы, варианттарын жасау;
4. таңдап алған әдебиеттерді оқып-үйрену;
5. жоспардың ең соңғы вариантын жасау;
6. шаруашылық қызмет атқаратын субъектінің есеп тәжірибесін зерттеу, нақты деректерді жинау және өңдеу, оларды бір жүйеге келтіру және әдебиет материалдарымен сәйкестендіре тұжырымдау;
7. курстық жұмысты жазу;
8. антиплагиат бағдарламасынан өту;
9. курстық жұмысты қорғау.

КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ТАҚЫРЫБЫН ТАҢДАП АЛУ

Курстық жұмыстың табысты жазылуына тақырыпты дұрыс таңдаудың тигізетін әсері мол. Курстық жұмыс бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасында жасалады және бекітіледі. Жетекшінің және кафедра меңгерушісінің келісімі бойынша студент кафедра ұсынған тізімге кірмеген тақырыпты алуына, сол сияқты тақырыптың атын өзгертіп алуына болады.

Тақырыпты таңдау кезінде студенттердің ғылыми үйірмедегі жұмысындағы, арнайы әдебиеттерді оқудағы, бұрынғы жұмыс тәжірибесіндегі, семинар сабақтардағы, баяндамалардағы, сабақтас пәндер бойынша курстық жұмыстағы ғылыми және практикалық мүдделерді студенттің ескеруі қажет. Курстық жұмыстың тақырыбы болашақтағы дипломдық жұмыста келтірілген мәселемен ұштасқан жөн. Мұндай жағдайда студент алған білімін тереңдете отырып, проблеманы жан-жақты зерттеп, дипломдық жұмысты өз мүддесіне жақын тақырыпта орындауға алдында мақсат қояды.

Студент оқу процесінде өздеріне аз оқытылған тақырыпты да таңдап алуға болады. Бірақ курстық жұмыстың тақырыбын таңдап алу негізді болуы қажет. Тақырыпты таңдап алған кезде қандай да болмасын проблемалық мәні туралы шамалы болса да түсінікті болып, жұмысында қандай мәселені көрсететіндігін білуге тиіс.

Студент таңдап алған проблема бойынша әдеби материалдарды оқып-үйрену ден кейін курстық жұмыстың тақырыбы алады. Студенттің курстық жұмыс тақырыбын кафедра бекітеді. Сонымен бірге кафедра курстық жұмыстың ғылыми жетекшісін тағайындап, оның орындалу мерзімін белгілейді.

АЛҒАН ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ӘДЕБИТТЕРДІ ІРІКТЕУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛА ТАНЫСУ

Тақырып алған соң курстық жұмыс бойынша бірден әдебиеттерді іріктеуге кірісу керек. Мұны өз бетімен жасау керек. Студент каталогтармен библиографиялық анықтамаларды пайдалану білуін көрсету қажет. Сол кезде курстың тиісті тарауы бойынша негізгі әдебиеттер көрсетілген лекция көспектілерін де ұмытуға болмайды.

Тақырып бойынша жұмыс кезінде курстық жұмыспен сәйкес қана емес, сонымен бірге таңдалған тақырыпқа жақын келетін әдебиеттерді де қарау керек. Сол кезде проблеманың теориялық жағын ғана емес, сонымен бірге тәжірибеде қолданылып жүрген есепті көрсететін әдебиеттерді де іріктеп алған жөн. Каталогтарды қарай отырып өз картотекасын жасау керек. Әрбір жұмысқа жеке библиографиялық карточка ашылып, оған авторы, әдебиет аты, баспасы, басылған жылы, қысқаша мазмұны жазылады. Картотекаға курстық жұмыс бойынша соңғы 5 жыл ішінде шыққан барлық әдебиетті

жазған дұрыс болады. Нұсқау беретін материалдардың ең соңғы шыққаны пайдаланылады.

Әдебиеттерді өз бетімен таңдап алғаны дұрыс, бірақ ғылыми жетекшімен жүйелі түрде кеңесіп отыру қажет. Іріктеліп алынған әдебиеттердің тізімі онымен міндетті түрде келісіледі. Іріктеліп алынған әдебиеттерді қарау кезінде қандай жаңа өзгерістер мен толықтыруларды ескеру туралы да жетекшімен ақылдасу керек. Танысу деңгейіне байланысты олар пайдаланылған әдебиеттер тізіміне тіркеледі.

Іріктеліп алынған әдебиеттермен алдын ала таныстыру кітапхана немесе журналдағы мақаланың мазмұнын таңдаған тақырыпқа қаншалықты сәйкес келетіндігін анықтау үшін де қажет. Сонымен қоса мұндай танысусыз мәселенің ауқымының қаншалықты екендігін толық түсініп, курстық жұмыстың жоспарының алғашқы нұсқасын жасау мүмкін емес.

Курстық жұмыстың тақырыбын таңдау кестесі

Студенттің фамилиясының алғашқы әріпі	Курстық жұмыс тақырыбының нөмірі		
А	1	26	50
Б	2	27	49
В	3	28	48
Г	4	29	47
Д	5	30	46
Ж	6	31	45
З	7	32	11
Е;Ё	8	33	12
И	9	34	13
К	10	35	14
Л	11	36	15
М	12	37	16
Н	13	38	17
О	14	39	18
П	15	40	19
Р	16	41	20
С	17	42	21
Т	18	43	22
У	19	44	23
Ф	20	45	24
Х	21	46	25
Ц	22	47	26
Ш;Щ	23	48	27
Э;Ю	24	49	28
Я	25	50	29

ЖОСПАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ НҰСҚАСЫН ЖАСАУ

Әдебиеттермен алдын ала таныс негізінде курстық жұмыстың алғашқы нұсқасы мұқият ойластырылуы қажет. Әдетте курстық жұмыс кіріспеден, төрт-бес параграфтан және қорытындыдан тұрады.

Жоспарды жасау кезінде ең бірінші кезекте жекелеген параграф қарастырылатын мәселелердің ауқымының жобасын және олардың орналасу ретін анықтап алу қажет.

Қандай тақырып болмасын әр түрлі ашылуы мүмкін. Бірақ сол курстық жұмыс жоспары оның негізгі бағыттарын көрсетеді. Жұмыс жоспары жұмыстың негізгі идеясын көрсетіп, оның мазмұны мен сипатын ашуы қажет. Онда тақырыптың аса актуальды мәселелері бөлініп алынады.

Жасалынған жоспарды студент курстық жұмыс жетекшісімен келіседі.

ІРІКТЕЛГЕН ӘДЕБИЕТТЕРДІ ОҚЫП ҮЙРЕНУ

Жетекшісімен жұмыс жоспарын келіскен соң, әсіресе кәсіпорынның нарықтық жағдайдағы жұмыс ерекшеліктері туралы іріктеп алынған әдебиеттерді жете оқып-үйренуге кірісу керек. Ол үшін әдетте конспектілер жасалады. Конспектілердің сипаты болашақ жұмысқа оқып-үйреніп отырған материалдарды пайдалану мүмкіндігі мен формасына қарай анықталады. Ол қысқаша көшіру (дәйексөз) немесе ойды, фактіні қысқаша мазмұндай немесе курстық жұмысты жазу кезінде қажет болатын жерлер үшін оқылған жан-жақты жоспар түріндегі сипаттамасы болуы керек. Барлық жағдайда материалдың алынған жері, баспасын және бетін көрсету қажет.

Алынған деректерді жұмыстың жоспарда көрсетілген негізгі тараулары бойынша жүйеге түсіру іріктеп алған материалдардың тәжірибелік негізінде тақырыптың негізгі мәселелерін терең де, жан-жақты көрсетуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттерді зерттеу кезінде белгілі бір ретпен жұмыс істеу ұсынылады. Оқулықтар мен оқу құралдарынан бастаған жөн. Содан соң монографиялық жұмысқа көшуге болады. Журналдық мақалалармен және нормативтік материалдармен аяқтау қажет. Әдеби нұсқаларды зерттеудің мұндай жолы білімді бірте-бірте жинақтап, тереңдете беруге, қарапайымнан күрделіге, жалпыдан жекеге көшуге мүмкіндік жасайды. Әдебиеттерді мұқият оқып үйрену нақты материалдарды іріктеп алғанша аяқталуы керек, өйткені әдеби нұсқалар бойынша барлық есептің теориясы мен практикасының мәселелерімен, әсіресе озат кәсіпорындардағы есеп тәжірибесімен терең әрі жан-жақты танығу кәсіпорындағы тәжірибені сыни тұрғыда зерттеп, курстық жұмысқа қажет нақты материалды білгірлікпен реттеп алуға жағдай жасайды.

ЖОСПАРДЫҢ ЕҢ СОҢҒЫ НҰСҚАСЫН ЖАСАУ

Әдебиеттер тақырып бойынша мұқият зерттеліп, жүйеге келтірілген соң жұмыс жоспарының алғашқы нұсқасына кейбір өзгертулер енгізілуі мүмкін. Жоспардағы өзгерту жұмыстың өзінің бағытына кейбір түзетулер енгізумен, зерттеп жатқан проблемамен жан-жақты таныса келе автор түзету кіргізу қажет екендігіне көз жеткізгенде немесе өз алдында жеке алынған бөлімдегі көптеген мәселелерде материалдар жеткілікті болмағанда, ал басқаларында, керісінше теориялық және практикалық жаңа деректер пайда болуымен байланысты болуы мүмкін.

Егер әдебиет материалдарымен танысып шыққан соң жоспардың жаңа нұсқасы жасалған жағдайда соңғысы да курстық жұмыстың жетекшісімен келісіледі. Курстық жұмыс ең соңында нұсқасы оның жазылатын мерзімі көрсетілген графикпен толықтырылады.

НАҚТЫ МАТЕРИАЛДАРДЫ ЖИНАУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ

Басқару есебі бойынша курстық жұмыстың ерекшелігі нақты кәсіпорынның қызметі туралы деректерді зерттеудің негізінде жазылады. Сондықтан да нақты материалдарды жинау ең жауапты кезең болып табылады. Нақты материалдың қаншалықты дұрыс және толық жиналуы курстық жұмыстың сапаы жазылуына көп әсер етеді. Сондықтан материалды жинауға кіріспес бұрын жұмыс үшін қандай материал қажет екендігін мұқият ойластырып, мүмкіндігі болса арнаулы жоспар жасаған дұрыс.

Кәсіпорынның жұмыс тәжірибесін зерттеген кезде “Басқару есебі” курсы оқу кезінде сол сияқты әдеби нұсқаларды оқып үйрену кезінде алған білімді пайдалану қажет.

Нақты деректерді жинастыру мен өңдеу кезінде есеп жұмысының тиісті учаскесіндегі оң тәжірибе мен кемшіліктері анықтауға ерекше назар аударылуы қажет. Сонымен қоса есеп кәсіпорын мен оның жекелеген буындарының басшыларын қажетті ақпарат пен қаншалықты қамтамасыз ететіндігіне, есептегі қосарласу болған жағдайда оперативтілігі мен алынған деректің толықтығына есептің компьютерлендірілуіне, т.б. назар аудару керек. Нақты материалдарды жинастырып, өңдеу процесінде есептің ұйымдастырылуы мен методологиясын жақсартуға бағытталған ұсыныстарды ойластыру және ол ұсыныстарды дұрыс жазу қажет.

Есептің методологиясы мен құрастырылуы өндірістің ұйымдастырылуы мен технологиясына қатысы көп болатындығы жағдайын ескере отырып, курстық жұмыстағы есептің проблемасы мен тәжірибесі тұтынушылар кооперациясындағы кәсіпорындар мен ұйымдар жұмысының нақты жағдайымен тікелей байланысты қарастырылуы үшін де бұл мәселені де мұқият зерттеу керек.

Нақты материалдарды жинау және оны өңдеу жалпы тақырыпқа курстық жұмыс жазу кезінде де пайдаланылады. Бұл жағдайда ол жұмыстың теориялық жағын көрсетеді.

КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ЖАЗУ

Курстық жұмыс кәсіпорын материалында жинақталып, өңделген, мұқият зерттелген әдеби нұсқалар негізінде жазылады.

Курстық жұмыстың жекелеген шаруаларының мазмұнын сипаттай отырып, мынаны атау қажет:

Екі-үш беттік кіріспеден алынған тақырыптың негізгі мазмұны мен мәні ашылады, мұнда студенттің жұмысты жазу кезінде алға қойған мақсаты да көрсетіледі. Материалы бойынша курстық жұмыс жазылған кәсіпорынның қысқаша сипаттамасын берген дұрыс. Сол кезде кәсіпорынның есепті ұйымдастыру мен методологиясына ықпал ететін ерекшеліктеріне тоқталу керек.

Бірінші тарау әдетте теориялық сипатта болады. Онда курстық жұмыс бағытталған есеп көрсеткіштерінің экономикалық табиғаты, маңызы көрсетіледі, одан есепті дұрыс ұйымдастырудың маңызы ашылады.

Осы айтылғандардың барлығы статистикалық анықтамалардан монографиялардан, журнал мақалаларынан және басқа материалдардан алынған сандық деректермен өрнектеліп олардың қайдан алынғаны жөнінде сілтеме жасау ұмыт қалмасын.

Келесі тарауда кәсіпорында жүргізілетін есеп тәжірибесі қарастырылады. Баяндау рет-ретімен келіп, қисынды болсын. Ол сонымен бірге нақты және түгелімен жүргізіліп жатқан тәжірибеге сүйенуі қажет. Сонымен бірге тек жаза салу ғана емес, алынған кәсіпорынның есебін ұйымдастыру мен методологиясына сыни талдау жасау маңызды. Нақты материалдарды талдау нәтижесінде кәсіпорындағы озат тәжірибені жинақтап, оның жұмысындағы жекелеген кемшіліктердің бетін ашуға, мүмкіндігі болса ондай кемшіліктерді болдырмаудың жолын көрсетуге тырысқан жөн. Сол кезде есепті жетілдірудің шешуші шарты оны толық компьютерлендіру есептің прогрессивті әдісін бірқалыпты енгізу естен шықпауға тиіс. Қосымша сілтеме нөмірі көрсетіліп жасалғаны дұрыс. Жұмыстың барлық тараулары бір-бірімен байланысты болсын.

Сондықтан да бір тараудан екінші тарауға көшкенде және тарау ішінде бір мәселеден екінші мәселеге көшудің қисынды болуына ерекше назар аударылсын.

Қорытынды бөлімде жалпы тұжырым жасап, есептің қолданылып жүрген тәжірибесін жақсартуға бағытталған сөйлемде қысқаша баяндау қажет.

Жұмыстың соңында пайдаланылған әдебиеттердің тізімі келтіріледі.

Жұмыстың көлемі қолжазба күйінде 25-30 бет болуы қажет.

КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫ БЕЗЕНДІРУ.

Жұмыстың материалы мынадай ретпен орналастырылады:

- а) сыртқы бет (1 қосымшада көрсетілген);
- ә) жоспар мазмұны;
- б) курстық жұмыстың тексттік баяндалуы (тараулар бойынша);
- в) әдебиеттер тізімі;
- г) жұмыста пайдаланылған нақты материал (егер ол баяндау барысында симай қалса, қосымша түрінде беріледі).

Жұмыс стандартты қағаздың бір жақ бетінде жазылады, немесе компьютерде теріледі. Беттің екі жағынан сол жағында 30,0 мм және оң жағында 10,0 мм, жоғарғы және төменгі жақтарынан 20,0 мм жер қалдырады. Курстық жұмыстың барлық беті нөмірленеді. Текстегі әрбір тарау жоспар мазмұнына сәйкесті тиісті тақырып қойылады.

Жаңа тарауды егер тақырыптан соң бірнеше жол сиятын болса, алғашқы тараудың соңы аяқталған беттен бастай беруге болады. Егер курстық жұмыс компьютерде терілетін болса текст арасындағы қашықтық 1,0 интервалға, ал шрифт 14-ке тең болу керек.

Топтарға бөлінген және бір жүйеге келтірілген сандық деректер кесте мен график түрінде беріледі. Соңғысының дайындалуының мәні зор. Кестелер оған сілтеме жасалған соң беріледі, бірақ оны бір беттен екінші бетке жалғастыру жөн болмайды, оған қоса кесте мен оның тақырыбы бөлек бетерде болып арасын үзу дұрыс емес. Кестенің рет нөмірі болуы керек, тақырыбы мазмұнын ашатын болсын, ескертуде алынған материалға сілтеме жасалсын.

Материалға тікелей қатысы жоқ деректерді келтірмеу керек.

Кесте мен тексте ұзақ сандарды толық келтіруден қашқан жөн. Ол үшін қажет дәлдікке байланысты өлшем бірлігін ірілендіріп алған дұрыс.

Жұмыста тек жалпыға бірдей қабылданған қысқарған сөздермен шартты белгілерді ғана қолдану керек.

Жұмыста пайдаланылған сандық деректер, тұжырымдар, басқа авторлардың ойлары және дәйексөздер міндетті түрде пайдаланылған жұмысқа жасалған сілтемемен жарысып отыруы қажет. Бұл сілтемелер сөйлемнің соңында көрсетіледі көрсетіледі.

Баїқа автордың ойы мен тұжырымын қолданғанда бұл ойларды өзгертусіз пайдалану керек. Дәйексөз мұқият көшіріліп, тырнақшаға алынып жазылады. Басқа авторлардың келтірілген деректерінің дәлдігі мен ойларының анықтығы үшін студент жауап береді.

Әдебиеттерге жасалған сілтемелер олардың әдебиеттер тізіміндегі рет нөмірімен цитаталар алынған беттің нөмірін көрсету арқылы орындалады. Олар жазылу барысында төрт бұрышты тырнақшаға алынуы керек, мысалы (3, 91 б).

Курстық жұмыстың соңғы сатысы оның сыртын безендіру болып табылады. Курстық жұмысқа студент қол қоюы қажет.

КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҚОРҒАУ

Курстық жұмыс бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасының белгіленген мезгілінде жазылып бітуі керек. Курстық жұмысты мерзімінде қорғамаған студент академиялық берешек болып есептеледі де, “Басқару есебі” бойынша емтихан тапсыруға жіберілмейді.

Курстық жұмысты қорғау кафедра меңгерушісі тағайындаған комиссиямен жүргізіледі.

Курстық жұмысты қорғау таңдап алған тақырып бойынша студенттің білімінің тереңдігі мен өз бетінше жұмыс істеу мүмкіндігін анықтауға бағытталады. Қорғау кезінде студент берілген жұмысты жақсы бағдарлауы, сандық деректердің қайдан алынғанын түсіндіре білуі, жұмысқа қатысты теориялық және сұрақтарға жауап бере білуі қажет. Қорғау алдында студент тұтастай жұмыс бойынша да, жетекшінің ескертпелері бойынша да дайындық жүргізуі керек.

Қорғау студенттің жұмысының негізгі жағдайын қысқаша ғана мазмұндауынан тұрады. Жұмыстың жүргізіліп жатқан есеп тәжірибесіне сыни ескертпелер, оны жетілдіру жөніндегі ұсыныстар туралы айтылған тарауларына ерекше назар аудару керек. Хабарламаның соңында студент жұмыстың ескертулері бойынша жауап береді. Содан соң комиссия мүшелері студентке сұрақтар қояды. Курстық жұмысты бағалау кезінде комиссия оның жазылу сапасы да, қорғау нәтижесіне еске алады. Егер жұмысты оқытушылар қанағаттанғысыз деп есептейтін болса, онда студенттің айтылған ескертпелерді ескере отырып түбегейлі қайта жұмыс істеуі үшін өзіне қайтарылып беріледі.

Кафедраның шешімі бойынша курстық жұмыстың орнына студенттердің ғылыми үйірмесінде студент ғылыми баяндама жазып, оны ғылыми баспаларда жариялайтын болса және студенттердің ғылыми конференциясында баяндаса ол курстық жұмыс ретінде саналады.

Дербес орындалмаған курстық жұмыстарды анықтау үшін «Антиплагиат. ЖОО» жүйесін пайдалану тәртібі

Курстық жұмыстар (ғылыми баяндамалар) басқа тілден аударылған мәтінді пайдалануды қоса алғанда, мағынасын өзгертпей сөздер мен сөзтіркестерін синонимдық алмастыра отырып, басқадан алынған материалдың бар-жоғы және мәтіннің пайдаланылуы тұрғысынан тексеруден өтеді. Бұл тексеру «Антиплагиат. ЖОО» қосылған модульдерді пайдалана отырып жүргізіледі. Тексеруды «Бухгалтерлік есеп және аудит» кафедрасының жауапты тұлғасы жүргізеді.

Студент мәтіннің түпнұсқалығы 60% және одан жоғары болғанда курстық жұмыс (ғылыми баяндама) қорғауға жіберіледі.

БАСҚАРУ ЕСЕБІ ПӘНІНЕН КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Басқарушылық есептің мақсаты, қызметтері мен міндеттері
2. Басқарушылық есептің теориялық негіздері
3. Кәсіпорында басқарушылық есепті ұйымдастыру
4. Қаржылық және басқарушылық есептердің өзара байланысы
5. Өндірістік есептің мақсаты, қызметтері мен міндеттері
6. Шығындар туралы түсінік және оларды халықаралық тәжірибеде жіктеу
7. Шығындар туралы түсінік және оларды отандық тәжірибеде жіктеу
8. Басқарушылық есепте шығындарды бағалау әдістері
9. Басқарушылық есептегі тұрақты және өзгермелі (ауыспалы) шығындар
10. Қызмет көрсету бөлімшелерінің шығындарын есептен шығару мен бөлу әдістері
11. Қызмет көрсету бөлімшелерінің шығындарын есептен шығару мен бөлудің тікелей және қадамдық әдістері
12. Қызмет көрсету бөлімшелерінің шығындарын есептен шығару мен бөлудің қайра бөлу және теңдіктер әдістері
13. Калькуляция баптары бойынша өнім өндіруге кеткен шығындар есебін ұйымдастыру
14. Материалдарға және еңбекақыға кеткен шығындар есебін ұйымдастыру
15. Өндірістік кәсіпорындарында шикізат пен материалдарды бағалау әдістері мен есебі
16. Өндірістік қорлардың басқарушылық есебі
17. Қорларды басқаруды ұйымдастыру
18. Үстеме шығындардың есебін ұйымдастыру және отандық тәжірибеде оларды бөлу әдістемесі
19. Үстеме шығындарды есепке алу мен оларды бөлудің әлемдік әдістемесі
20. Кәсіпорында өзіндік құнды басқару
21. Шығындарды жауапкершілік орталықтары бойынша есепке алуды ұйымдастыру
22. Аяқталмаған өндірісті бағалау және есепке алуды ұйымдастыру
23. Көмекші өндірістің шығындарын есепке алу және өнімнің (жұмыс, қызмет) өзіндік құнын калькуляциялау
24. Негізгі өндіріс шығындарын есепке алу және өнім өзіндік құнын калькуляциялау
25. Шығындарды есепке алу мен өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау әдістеріне шолу
26. Калькуляциялау мазмұны және оның өндірісті басқарудағы ролі
27. Өндірістік шығындар есебі мен өнім өзіндік құнын калькуляциялаудың үрдістік әдісі
28. Өндірістік шығындар есебі мен өнім өзіндік құнын калькуляциялаудың тапсырыстық әдісі
29. Өндірістік шығындар есебі мен өнім өзіндік құнын калькуляциялаудың нормативтік әдісі

30. Нормативті калькуляциялау жүйесінде өндірістік шығындар ауытқуын талдау және есебін ұйымдастыру
31. «Стандарт-костинг» жүйесі бойынша басқарушылық есепті ұйымдастыру: отандық кәсіпорындарда қолданылу мүмкіндігі
32. Нормативті калькуляциялау мен «стандарт-костинг» жүйесінің салыстырмалы сипаттамасы
33. Басқарушылық есепті ұйымдастыру және өнім өзіндік құнын «директ-костинг» жүйесі бойынша калькуляциялау
34. Басқарушылық есепті ұйымдастыру және өнім өзіндік құнын «абзорпшн-костинг» жүйесі бойынша калькуляциялау
35. Кешенді өндіріс шығыстарының есебі және натуралды көрсеткіштер көмегімен әр өнімнен есептелген табысты өлшеу әдісінің қолданылу әдістемесі.
36. Зиянсыздық нүктесін есептеу әдістері.
37. Зиянсыздықтың бухгалтерлік және экономикалық модельдері
38. Қауіпсіздік маржасы туралы түсінік және оны есептеу әдістері
39. СVP талдауы және басқарушылық шешімдер қабылдау.
40. Шығындар: қылығы, жіктелуі, есебі.
41. Өндірістік-қаржылық қызметін жоспарлаудың мақсаты, талаптары мен кезеңдері.
42. Кәсіпорын сметасын құру орталықтары мен құру кезеңдері.
43. Функционалды сметаларды құрастыру әдістемесі.
44. Кассалық шоғырландырылған сметаны құрастыру әдістемесі (ақшалар ағыны бюджеті).
45. Икемді сметаларды құрастыру тәртібі және оның орындалуын бақылау.
46. Қорлар деңгейін бақылау және жоспарлау.
47. Басқарушылық есеп және оның басқарушылық шешімдер қабылдаудағы ролі.
48. Өзінің өндіруі немесе сатып алулары, өнімдердің қандай да бір түрін уақытша тоқтату туралы басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін ақпараттар дайындау
49. Өнімдерді өткізу бағалары мен қолда бар қуаттар жағдайында ассортимент таңдау туралы басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін ақпараттар дайындау.
50. Ұзақ мерзімді тапсырысты бағалау және жабдықтарды ауыстыру туралы басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін ақпараттар дайындау.

Тақырыптар бойынша жоспарлар үлгісі

1. Басқарушылық есептің мақсаты, қызметтері мен міндеттері

Кіріспе

1. Есептік ақпараттарды қолданушылар
2. Басқарушылық есептің мақсаты мен міндеттері
3. Басқарушылық есеп қызметтері

Қорытынды
Әдебиеттер тізімі

2. Басқарушылық есептің теориялық негіздері

Кіріспе

1. Басқарушылық есептің құраушы бөлімдері мен мәні
2. Басқарушылық есеп жүйелері
3. Басқарушылық есеп пәні және оның объектілері
4. Басқарушылық есеп әдістері мен тәсілдері

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

3. Кәсіпорында басқарушылық есепті ұйымдастыру

Кіріспе

1. Кәсіпорындағы басқарушылық есепті ұйымдастыру мақсаттары
2. Кәсіпорындағы басқарушылық есепті ұйымдастыруға талаптар
3. Басқарушылық есептің ұйымдастырудың қағидалары
4. Басқарушылық есепті ұйымдастырудың дұрыстығына

Жауапкершілік

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

4. Қаржылық және басқарушылық есептердің өзара байланыстары

Кіріспе

1. Кәсіпорында қаржылық есепті ұйымдастыру және оның мазмұны
2. Басқарушылық есептің жүйелері
3. Басқарушылық есептің мазмұны
4. Қаржылық және басқарушылық есептердің байланысы

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

5. Өндірістік есептің мақсаты, талаптары мен міндеттері

Кіріспе

1. Басқарушылық есеп жүйелерінің сипаттамасы
2. Өндірістік есептің ерекшеліктері, мақсаттары және талаптары, басқарушылық есеппен байланысы
3. Кәсіпорында өндірістік есепті ұйымдастыру қағидалары

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

6. Шығындар туралы түсінік және оларды халықаралық тәжірибеде жіктеу

Кіріспе

1. Шығындар туралы түсінік және оларды жіктеудің мақсаты

2. Өнімнің (жұмыс, қызмет) өзіндік құнын калькуляциялау мақсатында шығындарды жіктеу
 3. Басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін шығындарды жіктеу
 4. Шығындарды бақылау және оларды реттеу мақсатында жіктеу
- Қорытынды
Әдебиеттер тізімі

7. Шығындар туралы түсінік және оларды отандық тәжірибеде жіктеу

Кіріспе

1. Шығындардың объектілері мен мақсаты
 2. Экономикалық элементтері бойынша шығындарды жіктеу мақсаты мен мазмұны
 3. Шығындардың калькуляция баптарына жіктелуі
 4. Шығындардың қылығы
- Әдебиеттер тізімі

8. Басқарушылық есепте шығындарды бағалау әдістері

Кіріспе

1. Шығындарды бағалаудың түсінігі, мазмұны және қажеттілігі
2. Шығындарды бағалаудың әдістері:
 - 2.1. Инженерлік әдіс
 - 2.2. Шоттарды талдау негізінде шығындарды бағалау
 - 2.3. Графикалық әдіс, немесе шашыратып көрсету диаграммасы
 - 2.4. Ең кіші квадраттар әдісі

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

9. Басқарушылық есептегі тұрақты және ауыспалы шығындар

Кіріспе

1. Өндіріс шығыстарының құрамы және түсінігі
2. Шығындардың тұрақты және ауыспалыға бөліну қағидалары
3. Басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін ақпараттарды құруға ауыспалы және тұрақты шығындардың әсері

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

10. Қызмет көрсету бөлімшелерінің шығындарын есептен шығару мен бөлу әдістері

Кіріспе

1. Қызмет көрсетуші бөлімшелердің сипаттамасы
2. Қызмет көрсетуші бөлімшелердің шығындарын бөлу және есептен шығару әдістері
 - 2.1. Тікелей әдіс

- 2.2. Қадамдық әдіс
 - 2.3. Қайта бөлу әдісі
 - 2.4. Теңдеулер жүйесі әдісі
- Қорытынды
Әдебиеттер тізімі

11. Қызмет көрсету бөлімшелерінің шығындарын есептен шығару мен бөлудің тікелей және қадамдық әдістері

Кіріспе

- 1. Қызмет көрсетуші бөлімшелердің сипаттамасы
- 2. Қызмет көрсетуші бөлімшелердің шығындарының құрамы
- 3. Қызмет көрсетуші бөлімшелердің шығындарын бөлу және есептен шығарудың тікелей әдісі
- 4. Қызмет көрсетуші бөлімшелердің шығындарын бөлу және есептен шығарудың қадамдық әдісі.

Қорытынды
Әдебиеттер тізімі

12. Қызмет көрсету бөлімшелерінің шығындарын есептен шығару мен бөлудің қайра бөлу және теңдіктер әдістері

Кіріспе

- 1. Қызмет көрсетуші бөлімшелердің сипаттамасы
- 2. Қызмет көрсетуші бөлімшелердің шығындарының құрамы
- 3. Қызмет көрсетуші бөлімшелердің шығындарын бөлу және есептен шығарудың қайра бөлу әдісі
- 4. Қызмет көрсетуші бөлімшелердің шығындарын бөлу және есептен шығарудың теңдіктер әдісі.

Қорытынды
Әдебиеттер тізімі

13. Калькуляция баптары бойынша өнім өндіруге кеткен шығындар есебін ұйымдастыру

Кіріспе

- 1. Шығындардың калькуляция баптары бойынша жіктелуі, оның мақсаты мен қажеттілігі
- 2. Тікелей шығындардың аналитикалық және синтетикалық есебін ұйымдастыру
- 3. Үстеме шығындардың есебі мен оларды есептен шығару
- 4. Тікелей және үстеме шығындарды жалпылау

Қорытынды
Әдебиеттер тізімі

14. Материалдарға және еңбекақыға кеткен шығындар есебін ұйымдастыру

Кіріспе

1. Тікелей өндірістік шығындар құрамы және сипаттамасы
2. Материалдарға шығындарды есептен шығарудың бағытын таңдау
3. Еңбекақыға шығындарды есептен шығарудың бағытын таңдау.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

15. Өндірістік кәсіпорындарында шикізат пен материалдарды бағалау әдістері мен есебі

Кіріспе

1. Өндірістік кәсіпорындардағы материалдардың түсінігі мен жіктелуі
2. Материалдарды бағалау әдістері
3. Өндірістік кәсіпорындардағы материалдардың аналитикалық және синтетикалық есебін ұйымдастыру.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

16. Өндірістік қорлардың басқарушылық есебі

Кіріспе

1. Өндірістік қорлардың түсінігі, жіктелуі және оларды бағалау
2. Тапсырыстың тиімді мөлшерін құру
3. Өндірістік кәсіпорындардағы қорлардың аналитикалық және синтетикалық есебін ұйымдастыру

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

17. Қорларды басқаруды ұйымдастыру

Кіріспе

1. Қорлардың оңтайлы мөлшерін есептеу кезінде релеванттық шығындар құрамы
2. Өндірістік циклдің ұзақтығын есептеуде тапсырыстың оңтайлы мөлшері моделін пайдалану
3. Тапсырысты орналастыру мерзімін есептеу
4. Қорларды жіктеу арқылы басқару.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

18. Үстеме шығындардың есебін ұйымдастыру және отандық тәжірибеде оларды бөлу әдістемесі

Кіріспе

1. Үстеме шығындардың құрамы мен сипаттамасы
2. Үстеме шығындарды құру бойынша операциялар есебі және құжаттық рәсімдеу
3. Үстеме шығындарды бөлу реті мен есептен шығару.

Қорытынды
Әдебиеттер тізімі

19. Үстеме шығындарды есепке алу мен оларды бөлудің әлемдік әдістемесі

Кіріспе

1. Үстеме шығындардың құрамы мен сипаттамасы
2. Үстеме шығындарды бөлу мақсаты
3. Үстеме шығындарды бөлудің екі сатылы үрдісі
4. Үстеме шығындарды нормативті және нақты мөлшерлемелерді (ставка) қолдану арқылы бөлу.

Қорытынды
Әдебиеттер тізімі

20. Кәсіпорында өзіндік құнды басқару

Кіріспе

1. Өзіндік құнның түсінігі және нормативті реттелуі, оның қалыптасу қағидалары
2. Өнім өзіндік құнын анықтау үшін басқарушылық есепте шығындар жіктелуі
3. Өнім өзіндік құнын басқару жүйесі: басқару объектілері және басқару қызметтері

Қорытынды
Әдебиеттер тізімі

21. Шығындарды жауапкершілік орталықтары бойынша есепке алуды ұйымдастыру

Кіріспе

1. Жауапкершілік орталықтарының түнігі және түрлері
2. Жауапкершілік орталықтары бойынша шығындарды топтау
3. Шығындардың шығындар орталығы, пайда орталығы, инвестициялар орталығы бойынша есебін ұйымдастыру.

Қорытынды
Әдебиеттер тізімі

22. Аяқталмаған өндірісті бағалау және есепке алуды ұйымдастыру

Кіріспе

1. Аяқталмаған өндіріс түсінігі мен құрамы
2. Аяқталмаған өндірісті бағалау әдістері, олардың өнімнің өзіндік құнын құрамдастыруға әсері
3. Аяқталмаған өндіріс есебі және түгендеуді құжаттық рәсімдеу.

Қорытынды
Әдебиеттер тізімі

23. Көмекші өндірістің шығындарын есепке алу және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау

Кіріспе

1. Көмекші өндірістің түсінігі, жіктелуі және сипаттамасы

2. Көмекші өндірістің шығындарын есепке алу және құжаттық рәсімделуі

3. Күрделі және жай (қарапайым) көмекші өндірістерде өнімнің өзіндік құнын есептеу.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

24. Негізгі өндіріс шығындарын есепке алу және өнім өзіндік құнын калькуляциялау

Кіріспе

1. Тікелей өндірістік шығындар есебін ұйымдастыру

2. Өндірістік үстеме шығындардың өнімнің өзіндік құнына қосылуы және есебін ұйымдастыру

3. Өнімнің (жұмыс, қызмет) өзіндік құнын калькуляциялау.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

25. Шығындарды есепке алу мен өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау әдістеріне шолу

Кіріспе

1. Шығындарды есепке алу мен өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау әдістерінің түсінігі

2. Шығындарды есепке алу мен өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың

дәстүрлі әдістерінің салыстырмалы сипаттамасы

3. Өнім өзіндік құнын калькуляциялаудың қазіргі әдістерінің қысқаша сипаттамасы және олардың өнімнің өзіндік құнының объективті қалыптасуына және басқарушылық шешімді таңдауға әсері.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

26. Калькуляциялау мазмұны және оның өндірісті басқарудағы ролі

Кіріспе

1. Өнім өзіндік құнын калькуляциялаудың бағыттарын жіктеу

2. Өнім өзіндік құнын калькуляциялаудың қазіргі әдістері

3. Өнім өзіндік құнын калькуляциялаудың әдісін тандаудың кәсіпорынның қаржылық көрсеткіштеріне әсері.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

27. Өндірістік шығындар есебі мен өнім өзіндік құнын калькуляциялаудың үрдістік әдісі

Кіріспе

1. Өндірістік шығындар есебі мен өнім өзіндік құнын калькуляциялаудың үрдістік әдісінің жалпы сипаттамасы және қолданылу аясы
2. Үрдістік калькуляцияның нұсқалары және баламалы бірліктерді есептеу
3. Өнім өзіндік құнын кезеңдік калькуляциялау жүйесінде орташа бағалау және ФИФО әдістерімен есептеу.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

28. Өндірістік шығындар есебі мен өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың тапсырыстық әдісі

Кіріспе

1. Шығындарды тапсырыстық калькуляциялау түрлері мен жалпы сипаттамасы
2. Шығындарды тапсырыстық калькуляциялау жүйесіндегі бухгалтерлік жазулар
3. Арнайы тапсырыстың, тауар партиясының және келісім-шарттың (контрактің) өзіндік құнын калькуляциялау.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

29. Өндірістік шығындар есебі мен өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың нормативтік әдісі

Кіріспе

1. Шығындарды нормативті калькуляциялау мақсаты және жалпы сипаттамасы
2. Нормативті шығындар типтері және оларды құру реті
3. Өнім өзіндік құнын құрастыру мақсатында нормативті калькуляциялау жүйесінде шығындардың бухгалтерлік жазулары.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

30. Нормативті калькуляциялау жүйесінде өндірістік шығындар ауытқуын талдау және есебін ұйымдастыру

Кіріспе

1. Бюджеттік бақылау мақсатында өндірістік шығындар ауытқуын есептеу
2. Тікелей шығындар ауытқуын есептеу әдістемесі
3. Өндірістік үстеме шығындар ауытқуын есептеу әдістемесі

4. Өндірістік шығындар ауытқуын есептен шығару және бухгалтерлік шоттарда көрсетілу тәртібі.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

31. «Стандарт-кост» жүйесі бойынша басқарушылық есепті ұйымдастыру: отандық кәсіпорындарда қолданылу мүмкіндігі

Кіріспе

1. Нормативті шығындардың «стандарт-костинг» жүйесінде дайындалу әдістемесі

2. «Стандарт-костинг» жүйесінде дайын өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау және оның отандық кәсіпорындарда қолданылу мүмкіндігі

3. Ауытқуларды талдау өндірістік және өндірістік емес шығындарды басқару құралы ретінде.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

32. Нормативті калькуляциялау мен «стандарт-костинг» жүйесінің салыстырмалы сипаттамасы

Кіріспе

1. Стандартты калькуляция жүйесінде өнімнің өзіндік құнын қалыптастыру әдістемесі

2. Стандартты калькуляциялау жүйесінде өнімнің (жұмыс, қызмет) өзіндік құнын есептеу

3. «Стандарт-костинг» жүйесінің және нормативті калькуляциялаудың артықшылықтары мен кемшіліктері.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

33. Басқарушылық есепті ұйымдастыру және өнімнің өзіндік құнын «директ-костинг» жүйесі бойынша калькуляциялау

Кіріспе

1. Өзгермелі шығыстар бойынша өнімнің, жұмыстың, қызметтің өзіндік құнын калькуляциялаудың жалпы сипаттамасы және оның қолданылу аясы

2. Өнімнің, жұмыстың, қызметтің өзіндік құнын калькуляциялауды анықтау шаралары және өзгермелі шығындар жүйесінде пайда функциясының математикалық үлгісі

3. Өзгермелі шығыстар бойынша өнімнің, жұмыстың, қызметтің өзіндік құнын калькуляциялау жүйесінің ерекшеліктері мен артықшылықтары

4. Өзгермелі шығыстар бойынша өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың пайда көлеміне әсері.

Қорытынды
Әдебиеттер тізімі

34. Басқарушылық есепті ұйымдастыру және өнім өзіндік құнын «абзорпшн-костинг» жүйесі бойынша калькуляциялау

Кіріспе

1. Шығындарды толық бөлу бойынша өнімнің, қызметтің, жұмыстың өзіндік құнын калькуляциялаудың жалпы сипаттамасы және оның қолданылу аясы (абзорпшн-костинг)
2. Өнімнің, жұмыстың, қызметтің өзіндік құнын калькуляциялауды анықтау шаралары және шығындарды толық бөлу жүйесінде пайда функциясының математикалық үлгісі
3. Шығындарды толық бөлу бойынша өнімнің, жұмыстың, қызметтің өзіндік құнын калькуляциялау жүйесінің ерекшеліктері мен артықшылықтары
4. Шығындарды толық бөлу бойынша өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың пайда көлеміне әсері.

Қорытынды
Әдебиеттер тізімі

35. Кешенді өндіріс шығыстарының есебі және натуралды көрсеткіштер көмегімен әр өнімнен есептелген табысты өлшеу әдісінің қолданылу әдістемесі.

Кіріспе

1. Кешенді өндірістердің, бірге өндірілетін және қосымша өнімдердің сипаттамасы
2. Натуралды көрсеткіштерді қолдануға негізделген кешенді шығындарды бөлу әдісі
3. Басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін кешенді шығындарды бөлу жүйесін құру
4. Қосымша өнім есебі мен бағалануы.

Қорытынды
Әдебиеттер тізімі

36. Зиянсыздық нүктесін есептеу әдістері.

Кіріспе

1. Шығындар қылығы
2. «Шығындар – өнімдер шығару – пайда» (CVP) талдауы түсінігі.
3. Зиянсыздық нүктесін есептеу әдістері.

Қорытынды
Әдебиеттер тізімі

37. Зиянсыздықтың бухгалтерлік және экономикалық модельдері

Кіріспе

1. Зиянсыздық модельдері
 - 2.«Шығындар – өнімдер шығару – пайда» (CVP) талдау кезінде қажет рұқсат етулер.
 3. Басқарушылық шешімдер қабылдаудағы CVP талдауының ролі.
- Қорытынды
Әдебиеттер тізімі

38. Қауіпсіздік маржасы туралы түсінік және оны есептеу әдістері

Кіріспе

1. Қауіпсіздік маржасы туралы түсінік
2. Зиянсыздық нүктесін есептеу әдістері.
- 3.Қауіпсіздік маржасын есептеу

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

39. CVP талдауы және басқарушылық шешімдер қабылдау.

Кіріспе

1. Басқарушылық шешім қабылдау себептері және әсер ететін факторлар
2. CVP талдауы түсінігі
3. Басқарушылық шешім қабылдау түрлері.
4. Шешімдер қабылдаудағы CVP талдауының ролі.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

40. Шығындар: қылығы, жіктелуі, есебі.

Кіріспе

- 1.Шығындар туралы түсінік және оларды жіктеудің мақсаты
2. Шығындар қылығы
3. Шығындардың жіктелуі
4. Шығындар есебі

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

41. Өндірістік-қаржылық қызметін жоспарлаудың мақсаты, талаптары мен кезеңдері.

Кіріспе

1. Өндірістік-қаржылық қызметін жоспарлаудың мақсаты мен талаптары.
2. Жоспарлау кезеңдері.
3. Кәсіпорын сметасын құру орталықтары.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

42. Кәсіпорын сметасын құру орталықтары мен құру кезеңдері.

Кіріспе

1. Өндірістік-қаржылық қызметін жоспарлаудың мақсаты мен талаптары.
2. Сметасын құру орталықтары
3. Сметаны құру кезеңдері.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

43. Функционалды сметаларды құрастыру әдістемесі.

Кіріспе

1. Өндірістік-қаржылық қызметін жоспарлаудың мақсаты мен талаптары.
2. Функционалды сметалардың сипаттамасы
3. Функционалды сметалардың құрастыру әдістемесі.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

44. Кассалық шоғырландырылған сметаны құрастыру әдістемесі (ақшалар ағыны бюджеті).

Кіріспе

1. Жиынтық сметалар түрлері
2. Кассалық шоғырландырылған сметаны құрастыру әдістемесі (ақшалар ағыны бюджеті).
3. Кассалық шоғырландырылған сметаның орындалуын бақылау.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

45. Икемді сметаларды құрастыру тәртібі және оның орындалуын бақылау.

Кіріспе

1. Өндірістік-қаржылық қызметін жоспарлаудың мақсаты мен талаптары.
2. Сметасын құру орталықтары мен құру кезеңдері.
3. Икемді сметалардың қажеттілігі
4. Икемді сметаларды құрастыру тәртібі және оның орындалуын бақылау.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

46. Қорлар деңгейін бақылау және жоспарлау

Кіріспе

1. Кәсіпорындардағы қорлар түсінігі және түрлері
2. Қорлар деңгейін жоспарлау үшін релеванттық шығындар құрамы
3. Тапсырыстың экономикалық тиімді мөлшерін анықтау әдістемесі
4. Тапсырысты орналастыру уақытын анықтау әдістемесі

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

47. Басқарушылық есеп және оның басқарушылық шешімдер қабылдаудағы ролі

Кіріспе

1. Басқарушылық шешім қабылдау себептері және әсер ететін факторлар
2. Басқарушылық шешім қабылдаудың жіктелуі.
3. Басқарушылық шешім қабылдау түрлері.
4. Басқару есебіндегі ақпараттар түрлері мен қолданылатын көрсеткіштері.
5. Шешімдер қабылдаудағы басқару есебінің ролі.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

48. Өзінің өндіруі немесе сатып алулары, өнімдердің қандай да бір түрін уақытша тоқтату туралы басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін ақпараттар дайындау

Кіріспе

1. Басқарушылық шешімдердегі релеванттық шығындар
2. Өзінің өндіруі немесе сатып алулары туралы басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін ақпараттар дайындау
3. Уақытша тоқтау себептері
4. Өнімдердің қандай да бір түрін уақытша тоқтату туралы шешім.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

49. Өнімдерді өткізу бағалары мен қолда бар қуаттар жағдайында ассортимент таңдау туралы басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін ақпараттар дайындау.

Кіріспе

1. Басқарушылық шешімдердегі релеванттық шығындар
2. Шектеуші фактор туралы түсінік.
3. Өнімдерді өткізу бағалары туралы басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін ақпараттар дайындау.
4. Қолдағы бар қуаттар жағдайында ассортимент таңдау жөніндегі шешім.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

50. Ұзақ мерзімді тапсырысты бағалау және жабдықтарды ауыстыру туралы басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін ақпараттар дайындау.

Кіріспе

1. Басқарушылық шешімдердегі релеванттық шығындар
2. Ұзақ мерзімді тапсырысты бағалау
3. Жабдықтарды ауыстыру туралы басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін ақпараттар дайындау.

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі.

1. Бухгалтерлік есеп шоттарының типтік жоспары. Қазақстан Республикасы қаржы Министрінің 2018-жылғы 2-қазандағы №877бұйрығымен бекітілген.
2. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары www.minfin.kz
3. Иманбаева, З. О. Басқару есебі [Мәтін] : оқу құралы / З.О. Иманбаева. - Алматы : Экономика, 2017. - 286 б.
4. Иманбаева, З. О. Басқару есебі [Электрондық ресурс] : оқу құралы / З.О. Иманбаева. - Алматы : Экономика, 2017. - 286 б. (Цифровая библиотека «Летограф»)
5. Басқару есебі 1 [Мәтін] : оқулық құралы / Қазақтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті ; Қ. С. Мәдиева, Л.В. Разливаева. - Караганда : КЭУК, 2015. - 200 б.
6. Басқару есебі [Мәтін] : оқу құралы / Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті ; Қ.С.Мадиева, Л.В.Разливаева. - Караганда : КарУ Казпотребсоюза , 2022. - 175 б.
7. Друри К. Управленческий и производственный учет: пер. с англ. / К. Друри. - 6-е изд. - М. : ЮНИТИ-ДАНА, 2007. - 1423 с. - (Зарубежный учебник)
8. Хорнгрен Ч. Управленческий учет / Ч. Хорнгрен. - 10-е изд. - СПб. : Питер, 2008. - 1008 с. - (Бизнес-класс)
9. Хорнгрен Ч.Т., Фостер Дж. Бухгалтерский учет: Управленческий аспект / Пер.с англ.- М.: Финансы и статистика, 2003.- 416 с.- (Зарубежный учебник. Серия по бухгалтерскому учету и аудиту)
10. Тайғашинова Қ.Т. Басқару есебі. Оқу құралы/ Алматы: LEM, 2011. – 332 б.
11. Кеулимжаев К.К., Кудайбергенов Н.А. Производственный и управленческий учет. Учебное пособие / Кеулимжаев К.К., Кудайбергенов Н.А. – г. Алматы, 2011.- 330 с.
12. Волкова О.Н. Управленческий учет. Учебник / О. Н. Волкова. - М.: Проспект, 2009. - 472 с.
13. Кондраков, Н.П. Бухгалтерский управленческий учет: Учебное пособие / Н.П. Кондраков, М.А. Иванова. - М.: Инфра-М, 2016. - 192 с.
14. Костюкова, Е.И. Бухгалтерский управленческий учет (для бакалавров). Учебное пособие / Е.И. Костюкова. - М.: КноРус, 2018. - 64 с.
15. Полковский, Л.М. Бухгалтерский управленческий учет: Учебник для бакалавров / Л.М. Полковский. - М.: Дашков и К, 2016. - 256 с.
16. Серебрякова, Т.Ю. Бухгалтерский и управленческий учет. Лабораторный практикум: Учебное пособие / Т.Ю. Серебрякова, М.В. Антонова, О.Р. Кондрашова. - М.: Инфра-М, 2017. - 128 с.
17. Керимов, В.Э. Бухгалтерский управленческий учет: Практикум для бакалавров / В.Э. Керимов. - М.: Дашков и К, 2016. - 96 с.
18. Астафьева И.В. Управленческий учет. Первый уровень.- Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2012.- 514 с.

Интернет ресурстар:

19. <http://www.glavbukh.ru>
20. <http://www.rosbukh.ru>
21. <http://www.stels-1.ru>
22. Международные стандарты финансовой отчетности <http://minfin.gov.kz>
23. <http://minfin.ru>
24. [http:// PARAGRAPH/kz.buhgalter](http://PARAGRAPH/kz.buhgalter)
25. <http://www.zakon.kz>
26. Учет.kz-бухгалтерский учет, законодательство РК, налоговая отчетность, МСФО, НСФО в Казахстане
27. <http://buhgalter.kz>
28. <http://lib.keu.kz/>
29. <http://rmebrk.kz/> Республиканская межвузовская библиотека (РМЭБ)
30. <http://openu.kz> Открытый университет Казахстана
31. IPRbooks / iprbookshop.ru Электронно-библиотечная система
32. Официальный сайт Министерства финансов Республики Казахстан: minfin.kz
33. Официальный сайт Комитета по статистике: <https://stat.gov.kz/>
34. Официальный сайт АО "Институт экономических исследований": <http://economy.kz>
35. Официальный сайт НПА: <http://adilet.zan.kz>
36. Официальные сайты зарубежных источников: <https://www.imf.org>, <https://www.worldbank.org>, unctad.org
37. Электронная библиотека: <https://www.dissercat.com>
38. Сайт журнала «Бюллетень бухгалтера»
39. Электронные ресурсы: <https://uchet.kz/>
40. Электронные ресурсы: <https://online.zakon.kz/>
41. Электронные ресурсы учебного центра Зерде (программы сертификации СИМА, АССА, СФА, СІА): <https://edu-zerde.kz/>
42. ИС Параграф <https://www.instagram.com/prg.kz/>

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

Бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасы

Курстық жұмыс

тақырыбы: «Қорлар деңгейін бақылау және жоспарлау»

«Есеп және аудит» мамандығы бойынша

**Орындаған УА-31к
студенті**

Ә. Абдакимова

**Ғылыми жетекшісі
к.э.н., проф.**

К.С. Мадиева

Қарағанды 2023

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 Кәсіпорындардағы қорлар түсінігі және түрлері	5
2 Қорлар деңгейін жоспарлау үшін релеванттық шығындар құрамы	8
3 Тапсырыстың экономикалық тиімді мөлшерін анықтау әдістемесі	10
4 Тапсырысты орналастыру уақытын анықтау әдістемесі	16
ҚОРЫТЫНДЫ.....	21
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	23
ҚОСЫМША А – Тапсырыстың тиімді мөлшерін анықтау.....	25

Кесте 1

Үстеме шығыстарды бөліп-тарату есептеуі.

	Өндіріс түрлері	Тарату базасы – машино-ауысым	Тарату базасының үлесі	Таратылған үстеме шығыстар
1	Негізгі өндіріс	150	75	75 000
2	Көмекші өндіріс	50	25	25 000
		200	100	100 000
Е с к е р т у– «Арман» ЖШС тәжірибелік материалдары бойынша автормен жасалған				

